

Мәуля БЕКМАҒАНБЕТОВА

Кенгір
самалы

Мәуия БЕКМАҒАНБЕТОВА

Кенгір самалы

ЖЫР КІТАБЫ



Алматы
2000

ББК84Қаз7-5
Б 39

Бұл кітаптың демеушісі — Сәтбаев қалалық әкімшілігі.

Б 39 Бекмағанбетова М., КЕҢГІР САМАЛЫ: Жыр кітабы. - Алматы: ҚАЗАқпарат, 2000, - 64 бет.

ISBN 9965-468-25-7

Мәуия Бекмағанбетованың "Кеңгір самалы" атты жыр жинағына әр жылдары жазған өлең-жырлары мен толғаулары еніп отыр.

Жыр ауылынан үміт үзбей, өмірдің, болмыстың сан алуан көріністерін, уақыттың демін өлеңдік кестеге айшықтай білген Мәуияның өлеңдерінде қыз-келіншектерге, әйел-анаға тән нәзік сезімнің, мейірім мен шалағаттың үшқындарын айқын байқауға болады.

"Кеңгір самалында" кенді өлкенің тынысы, туған жерге деген махаббат кеңінен арқау болған.

ББК84Қаз7-5


4702250202
Б 452(05)-00

ISBN 9965-468-25-7

©Бекмағанбетова М., 2000

БІРІНШІ БӨЛІМ

ТҰНЫҚ БАСТАУ



Ұлытау

Сайын дала саңлақтары төсінде еркін көсілген,
Самал желі жібектей боп жанға жайлы есілген.
Қойнауында мыңғырған мал — төрт түлігі
сыймаған,
Қарт Ұлытау қайда жүрсем сен кетпейсің
есімнен.

Сарыарқаның жотасында Ұлытауым жалғасқан,
Секілді ол алып батыр адымын бір жай басқан.
Бар тарихын қазағымның қойнауына жиып ап,
Ұрпағымен үнсіз ғана Ұлытауым сырласқан.

Тау бөктері қарағайлы, қайың менен топ терек,
Биік жота жон арқасы көрінеді тым ерек.
Қас батырлар көзіндегісің кең даласын қорғаған,
Сенен біздер табамыз ғой ғасырлардан із, дерек.

Аңыздар көп айтылады Ұлытауым сен жайлы,
Соның бәрін тыңдағанды жаным менің қалайды.
Едіге мен Әулие тау, Емшек тауың ұқтырып,
Тұрғандай-ақ, емес пе сол, біз білмейтін сан
жайды.

Күміс көлдің шалқарынан самал желі есілген,
Сұлулықтың барлық сырын ұққандаймын
төсіңнен.
Ақша бұлттар ақ орамал бұлғап тұрар алыстан,
Сағынышың кетпесін деп, туған жерге есіңнен.

Туған жер

Сары далам қыран ұшқан көгінде,
Аққу қазы сылаңдаған келінде.
Еліктері еркін жөңкіп қырында,
Тұлпарларың озған бәйге төрінде.

Мен де сенің бір қызыңмын,
құштар шын.
Сары даланың сүйіп өскен құстарын.
Қайда жүрсем, қадіріңді шын танып,
Құс жолындай өз жолымды ұстармын.

Кәусар самал бетті өбіп шарпыған,
Ауаң қандай көңіл сергіп, шалқыған.
Алтыбақан аясында қыз-жігіт,
Желігімен жастық шақтың шарқ ұрған.

Туған жердің табиғаты тым ғажап,
Тауға барып, тасқа жаздым жыр қашап.
Бала күнгі бал дәуренді еске алсам,
Тауға шығып қаламын мен бір жасап.

Сағыныш

Балалық атты базарды,
Өз үйімнен көремін.
Бал сезімді ажарлы,
Жылдардан сонау өремін.

Жанарым тауға жаутаңдап,
Өзенге қарай сүзілер.
Сағыныш өрттен шын қаулап,
Моншақ жыр талай үзілер.

Ұлылыққа тағзым

Жыр-теңіздің жүзіп келем төсінде,
Толқынымен тербеген сәт есімде.
Даналықтың ұғып өстік өлшемін,
Даналардың еріп керуен-көшіне.

Дүбірлеген ғасыр тойы — талғамның,
Көріп бүгін шын қуандым, нұрландым.
Ұлы Абай — өлең сөздің патшасы,
Ал, Әуезов — көркем сөзде Шынарым.

Дана Мұхтар, ұлы Мұхтар алыбым,
Қазағыңа бердің өмір жарығын.
“Абай жолы” бар әлемге паш етті,
Халқымыздың барлық өткен тарихын.

Туған қалам

Сәтбаев туған қалам деп,
Мақтана жырға қосамын.
Бақытты нұрлы табам деп,
Үміттің таңын тосамын.

Сәтбаев — туған қалам деп,
Мақтаныш етер баласы.
Соғады таза самал леп,
Кеңгірдің әсем жағасы.

Сәтбаев туған қаланы,
Жүрегім сүйіп келеді.
Кеншілер сарай алаңы,
Қалаға арай береді.

Алтын заң

Егеменді елімнің,
Арайы сенсің — Алтын заң,
Болашағы елімнің,
Айбары сенсің — Алтын заң.

Әділеттің ақ туын,
Желбіретші, Алтын заң!
Еркін елдің жүрегін,
Елжіретші, Алтын Заң.

Қара қылды қақ жарып,
Тұратын сенсің Алтын заң.
Төле би, Өйтеке, Қазыбек
Мұратысың Алтын заң.

"Жеті Жарғы" даламда,
Ежелден болған жарқын заң.
Алдаспан шындық санада,
Жалғастырған Алтын заң.

Бақыт, бірлік әкелген,
Адастырмай салтымнан.
Елдікке есе әперген,
Жасай бер мәңгі Алтын заң.

Сенім

О, аға, ойға батам, күңіренемін,
Кейде мен жамандықтан түңілемін.
Шындықтың шырқауына жете алмаған,
Бейнеңе ойлы отырған үңілемін.

Оңаша ой ақтарған оқырманға,
Мазасыз шақ бұйырған ақындарға.
Сенімнің жүгін арттың қарындасқа,
Оңай деп айта алмаспын білген жанға.

Адамдарға қиянат етпегенсіз,
Өтірік көлгірсуді кешпегенсіз.
Ақтармын сенімді асыл аға,
Сенімнен шыққанды сіз хош көресіз.

Мансапқа қызықладың сен де аға,
Мансапқа қызықпаймын мен де аға.
Өнердің теңізінде еркін жүзсек,
Халқым бар беретұғын еркін баға.

Жебей бер рухыңмен ақын аға,
Сертінде сеніміңнің тұрдым аға.
Жүрегім жыласа да өзім күліп,
Ақ желкенін өлеңнің бұрдым аға.

Жарық жұлдызым

Өн жырымды арнаймын мен Есекеңдей ағаға,
Жүрегімді жалғаймын мен Рахиядай бауырға.
Бірге туып, бірге өсіп жат болатын жандар бар
Көңілі толмай бір-біріне, риза болмай тағдырға.

Тілеулес боп, тілектес боп, бауырласып кеттік
біз,
Бірімізге біріміз тек мейірім отын төктік біз.
Куәсіндей боп үміттің бас қосылды басыма,
Шат-шадыман қуанышты сезім міне, кештік біз.

Атасы мен апасына атын қой деп өтіндік.
Үлкен жолын сыйлау құрмет, жасқа қайда
еркіндік?
Гауһар болып атанды да үлкендерден бата алды,
Шаңырақтың бар бақыты, қуанышы көркі боп.

Гауһар ана қасиетті Яссауидың қызы еді,
Атына оның аты сай боп, бүкіл түркі бас иді.
Басына кеп әруағына тағзым етсе ұрпағы,
Мейіріммен шапағаты жарылқайды деседі.

Қазақ елі еркіндікке, бостандыққа жеткен күн,
Бар мейірімі, шапағатын адамдарға төккен күн.
Ұмытылмайды, ешқашан де, ұмытылмайды
жүректен,
Осынау бір шуағы мол шаттығы мол көктем күн!

Қолда енді сәбиімді қасиетті жан ана,
Жолында оның бар жиғаным, бар дүнием садаға.
Ақ батанды сұрап тұрмын, сұрап тұрмын қол
жайып,
Есіміңді алған мына жарық жұлдыз балаға!

Сыр

Ақ таңым атады үмітпен,
Арманым қайда көп күткен.
Тәубешіл көңіл мұңайып,
Енді бірде нұр төккен.

Алақан жайып адамнан,
Тілекті, деймін Жаратқан.
Алладан сұрап жалбарын,
Несібе берер адалдан.

Қарыздар қылма пендеге,
Тілеймін тілек мен күнде.
Қанағат тұтып келемін,
Берекет сұрап бергенге.

Рухым биік, жаным бай,
Дес бермей келем осылай.
Өмір толқын туласа,
Өрге жүзем мен солай.

Таң

Кейде жүрем өзіме-өзім сыймастай,
Аласұрған арман толқын тынбастай.
Шабыт болып жан-дүиемді түртеді,
Жыр жолдарын, гүл сезімін қимастай.

Ақ қағаз бен қалам алып қолыма,
Айлы аспанның үңілемін жолыма.
Жұлдыз-қыздар жымыңдайды күлімдеп,
Ақ сапарын тілеп менің жолыма.

Ай-апама ақтарамын барымды,
Сырласумен атырамын таңымды.
Көк күмбезден сәуле шашып тұрады,
Сұлу Шолпан ашқандай-ақ бағымды.

Неткен ғажап, жаздың аппақ таңдары,
Ақын жанның алаулаған арманы.
Неткен ғажап, нұрын төгіп мына күн,
Жер-ананы от құшаққа алғаны.

Түн түндігін сұлу Шолпан түреді,
Кер маралдай керіле бір күледі.
Бозала таң бақыт нұрын сыйлардай,
Бозғылт сәуле жерге қарай төнеді.

Бәйтерек бол (Сырымға)

Азаматым, ардағым,
Маңдайдағы шын бағым.
Қуанады ата-анан,
Орыңдалып арманың.

Қуанады жарың жас,
Қуанады қарындас.
Дипломы құт болып,
Тәңірім қолдап бағын аш.

Жете бер биік шың асуға,
Жеткен сайын тасынба.
Ғайып-Ерен, Қырық-Шілтен,
Қолдап жүрсін қасыңда.

Ата-анаң берген ақ бата,
Қызыр бабаң қолдасын.
Жалғыздың жары бір Алла,
Жолыңды әр кез оңдасын.

Бабалар берген бақ бата,
Басыңа келіп орнасын.
Көгеріп көктен жайқалып,
Жақсылар болсын жолдасың!

Арқаның ақиық ақыны

Кәкімбек аға Салықовқа

Көктем келді,
құс шулап Сарыарқада.
Оралғандай болды ғой сән ортаға.
Арқаның ақ иығы ақын аға,
Келіп, кетіп жүресіз таңырқана.

Сарыарқа бусанады қойнын ашып,
"Жезкиік" жетті міне, шалқып, тасып.
Жер-ана перзентімен табысқанда,
Күміс көл жатады ылғи шашу шашып.

"Нұрлы күн" — нұрлы заман жырлай келген.
Ел-жұртың шын жүректен сыйлай білген.
Қадірін түсінетін үлкен-кіші,
Ақынға сый тартады теріп гүлден.

"Жұлдызды жылдар тынысы" колымызда,
"Парасат" тереңдік бар оңыңызда.
Ұғатын үлгі алатын шамшырақтай,
Сәулесін шашты біздің жолымызға.

Жұртыңыз ел бағына туған дейді,
Жақсылыққа тек белін бұған дейді.
Баяғының ақыны-серісіңдей,
Жүрген жері ағаның думан дейді.

Туған жер топырағына келіп жеткен,
Жәй емес жезкиіктей желіп жеткен.
Ақын аға Кәкеміз шарықтай бер,
Жырыңыз жырға ұлассын жұртың күткен!

Жақсы дос — жан серігің

Достардың сайран салдым арасында,
Бес-он күн бұл тірліктің арқасында.
Дүние-ай, жалғандығың білінбейді,
Көлбеңдеп қызыл түлкі көз алдында.

Не жетсін өмірдегі сыйластыққа,
Көңілдің кілті — нәзік қимастыққа.
Жақсы дос — жан серігің шуағы мол,
Демейтін қолтығыңнан қиындықта.

Өмірің болсын сенің жаз

Қиналды-ау жаның,
Пышаққа түсіп қарағым.
Араша бол деп ажалға,
Алладан медет сұрадым.

Тағдырың сенің,
Қиындау болды-ау, қарағым,
Алаулап тұрған
От еді сенің жанарың.

Қызғалдақ едің қырмызы,
Қызыға жұртың қараған.
Аққуға қосар үнің бар,
Айдынды көлде таранған.

Көктемің сенің күз болып,
Жазың да сенің қыс болды-ау,
Сені ойлап жылаумен,
Самайды шалды ақ қырау.

Тағдырың сенің тарықса,
Алланың ісі не шара?
Аз күнгі бейнет ұмыт боп,
Жолыңа шықсын гүл ғана.

Жүрегің сенің кең еді,
Адамдығың соған сай.
Алғысың алған көп еді,
Алладан қайтсын деген-ай.

Бауыр деген адамның,
Жаралған жанды бөлігі.
Ауырған кезде сол бауыр,
Мұң басады көңілді.

Қиналған кезде қасымда,
Болмады неге дерсің бе?—

Бір-ер күн тым болмаса,
Қонбады неге дерсің бе?

Көтеріліп қан қысым,
Ауырып жүрдім, қарағым.
Қанатым болмай ұшарға,
Қамығып жүрдім қарағым.

Жасады әжең ғасыр жас,
Саған да берсін сондай жас.
Үш ботаң болып бақытың,
Өмірің сенің болсын жаз.

Арманы асыл еді...

Қайғының бұлты торлаған,
Жанымды жала қорлаған.
Неліктен менің күнім көп,
Неліктен менің түнім көп,
Арманы асыл биік жан,
Өзің айт соны сен маған.

Ақ тілеулі ақын жан,
Тіл қатқандай жақыннан.
Жырымның оттай қызуы,
Жүрегімнің жұлдызы.
Тірлігімде басымнан
Кетпейді және қасымнан.

Өмірден ұлы ақындар,
Түңіліп кейде өткен-ді.
Тірліктен таппай тиянақ,
Пәниден жалған кеткен-ді.

Ұмытарсың мұң-ойды,
Қадіріңді халқың білгендей.
Жүрек жарды жырыңды,
Ұрпағың айтып жүргендей.

Білсе ғой соны тіріңде,
Өлген соң айтып ақталмай.
Еске алу кешін өткеріп,
Ескердік деп мақтанбай.

Ел ағасы

Қойшыбек Тоқтамысовқа

От ауызды, орақ тілді ер аға,
Бауыржандай батыр туған ер аға.
"Қиқар шал" деп сізді ұқпай жүретін,
Таң қаламын мен кейбір жандарға.

Қарап тұрған қырандайын шыңдарға,
Түсінемін көзіңдегі мұңды аға.
Өз тілімен өз қадірін түсіріп,
Қайда барып пайыз табар бұл дала?

Мықтылық бар тұлғаңызда шыңдалған,
Еңбекпенен арман, мақсат бұр жарған.
"Ата дауысы", "Ана дауысы" үн қағып,
Ой маржанын жас ұрпаққа сапырған.

Міне, жақсы істі ағамыз бастаған,
Жаңалық жоқ бұл қалада ашпаған.
Ашаршылық құрбандары рухына,
Белгі қойып, арқадан жүк тастаған.

Ұлттық дәстүр, мінез кескін бәрі бар,
Бұл кісінің бойында үлкен дарын бар.
"Тіл" мұражай қалды мәңгі қалады,
Дегендей-ақ "Тәлім менен алыңдар!".

Жетпісінде қайтпас жалын жігермен,
Ел ісіне қара нар боп жегілген.
Қойшекеңдей қарттар аман-сау болса,
Қырандар үні саңқылдар жиі көгімнен.

Анама

Аяулы менің анамдай қамқор апасың,
Алпысқа толып мерейің өсіп барасың.
Толғана жүріп, тебірене тұрып өзіңе,
Жүректен қалай жыр жолдамай қаларсың.

Өмірге келіп сыйсыз да өткен жандар бар,
Қадірің көп қой бір басыңда ел сыйлар.
Апатайлап алдыңнан шықса абысын,
Жаныңда сенің шертіліп кетер бір күй бар.

Өкініш толы тосумен өткен күндер бар,
Тағдыр атты шындықты кім бар бұрмалар?
Адалдықпен аялап өзің өсірген,
Өзіңе тірек бола берсін ұл-қыздар.

Әлемнің барлық байлығын жисам қасыма,
Бағасы жетпес тәтешім асыл басыңа.
Тірліктен мынау тұрлауы жоқ түңіліп,
Басыңды име, ешқашан тәте жасыма!

Өзіңе деген жырларым менің шашуым,
Қарашы мына көңілімнің сонша тасуын.
Қиялыммен шығарып сені қияға,
Алайын мен де өмірдің биік асуын.

Тілек

Жүдеу жүзді ауырған сәтің қинайды,
Жаманатқа бауырды көңіл қимайды.
Алатаудай асқаралы қорғансың,
Мәуияң мен Мағауияң сені сыйлайды.

Ауыртпа деп тілеймін тілек тәңірден,
Тауелді етпе пендеге деймін күнің мен.
Еліңнен және жұртыңнан алған алғысың,
Жаныңа шипа болса екен деп келдім мен.

Сабырлы едің, сабыр сақта тәтешім,
Жалған тірлікте, уайымдап бауырым, қайтесің?
"Ауырып тұрдың, аунап тұрдың" демей ме,
Қайратыңды қайрасай жаның түлесін.

Керексің ғой, керексің мына біздерге,
Қартайған жоқсың, қартайма тәтем тым ерте.
Тоқсаннан асқан ақ әжеңнің жолымен,
Жүре тұр тәтем асықпа, сірә, тегінде.

Жүзіңе қарап, ұғамын ішкі зарыңды,
Аялап сені ақтарғым келеді барымды.
Ауырма, бауырым, ауыртпа менің жанымды,
Ауыртпа тәңірім, ауыртпа менің нарымды.

Қыздар

Балғын қыздар бал-бұл жанған жүздері,
Қылығы әсем, көркем сондай өздері.

Оларсыз еш өтпеуші еді той-думан,
Ынтық болып жігіттердің көздері.

Ғашықтық кезең — құмарлық сезім көшкені,
Бойжеткен қыздың қызық қой еркін өскені.
Студент күндер қызығы естен бір кетпей,
Жиі еске түсер есіне алған сонау төскейі.

Арман қуған жалын шақ енді келмейді,
Тек көңіл ғана, көңілің бұған сенбейді.
Немере сүйіп, әже боп бүгін сол қыздар,
Күрең шәй ішіп, көңілді бір сәт демейді.

Елін сүйген азаматын ел қалар

Қажымұрат Нағмаұовқа

Ел сүйсінер Ер болса,
Ел оны неге сүймеске?
Елінің берген батасын,
Алтын тон етіп кимеске?

Алғыр ойлы ұста адам,
Халықты жөнсіз қыспаған.
Өкімді халық сыйлайды
Өділдік жолын ұстаған.

Өмір көркі, дүниенің тірегі,
Ананың да, баланың да тілегі.
Адал жүрек азаматтар болса аман
Тыныштығын елдің ойлап жүреді.

Сарыарқаның сағынады самалы,
Жезқазғанның сағынады бар жаны.
Аз уақытта асыл ер боп атанған
Қажекендей бар ма азамат арманы.

Елін сүйген азаматын ел қалар,
Гүлге орап, жақсы ән мен жыр сыйлар.
Ақ тілеуін, ақ батасын елінің
Асыл қазына, мол бақытым деп жинар.

Аңқылдаған ақ пейілді, ақ жігіт,
Елдің жүгін көтеретін нар жігіт.

Ердің жасы елуге сіз келіпсіз
Қажымасын қайратыңыз барда үміт.

Достарыңыз құттықтауын жолдайды,
Қарт Ұлытау қырандарын қолдайды.
Ұзақ өмір, денсаулық пен мол бақыт
Тілек тілер ақын жырын толғайды.

Мерейінді мерей тойың асырсын,
Қуаныштан көңіл шіркін тасысын.
Сенім артқан Сарыарқаның серісі
Сенімінен шығар елдің асылсың!

ЖАҢА ЖЫЛЫМ — Наурызым

Жаңа жылым, күт — береке дарыған,
Шуағыңды бүкіл әлем таныған.
Наурыз келді күлімдеген күн болып,
Қыз көктемді тәрізі ол сағынған.

Қырлар толы қызғалдақтар жайнаған
Әсем бақта бұлбұл құстар сайраған.
Бар тіршілік бусанып тұр біртүрлі,
Шынында да ғажап менің бай далам.

Ақ жаулығы басындағы киелі,
Көктем — ана тіршілікті сүйеді.
Жыл басы етіп Наурыз тойын сыйлаған,
Шапағаты барлық жанға тиеді.

ҚОРҚАМЫН

Күздің суық ызғарынан қорқамын,
Жүрегімнің сыздауынан қорқамын.
Пештің де кейде қызбауынан қорқамын,
Судың лезде мұздауынан қорқамын.

Жер ананы сатқандардан қорқамын,
Оңай олжа тапқандардан қорқамын.
Бостан босқа лаққандардан қорқамын,
Бас пайдасын баққандардан қорқамын.

Жаны азған ұрпақтардан қорқамын,
Тәнін сатқан жыртақтардан қорқамын.

Қорқатыным көп қой менің қорқамын
Ішке бүгіп сыр сақтаудан қорқамын.

ТҮС

Қыранменен қанаттанды қаршығам,
Томағасын сыпырып мен ұшырғам.
Ақ жол тілеп, бақыт тілеп қалдым мен,
Биік-биік көрінсін деп қиырдан.

Қос қаршыға көрдім бүгін түсімде,
Күн күлімдеп аспан ашық тегінде.
Қанаттасып бірін-бірі демеяді,
Самғай ұшып тым биікте көгімде.

Осы сәтті аңсауменен жүр едім,
Қуаныштан лүпіл қақты жүрегім.
Оянғанда балдай тәтті сезіммен,
Қабыл болды деп ойладым тілегім.

Бастарыңа бақыт құсы қонсын деп,
Қастарыңда Қыдыр бабам болсын деп.
Мен жорыдым осы түсті тезірек,
Шаңыраққа шаттық күлкі толсын деп.

Жақсы ағалар жақсы ақыл қоссын деп,
Жақсы аналар ақ тілеуде болсын деп.
Алдарыңнан арман таңы жарқырап,
Адал жандар ақ ниетте тоссын деп.
Мен ояңдым түсімнен
Осы тілек бәрі қабыл болсын деп.
Әумин!

АНА ТІЛІМ

Ана тілім — ақ сүтісің анамның,
Ана тілім — қасиетісің даламның.
Ана тілім — күдіретісің бабамның,
Ана тілім — ақыл ойы санамның.

Тілсіз болсаң дүниеде өшкенің,
Дінсіз болсаң имансыз боп өскенің.
Кімге керек өз тіліңді сыйламай,
Өзге діннің арбауына көшкенің?

Тілім, дінім — қасиеті халқымның,
 Куәсіндей ата-дәстүр салтымның.
 “Бас кессе де тіл кеспек жоқ” дегендей,
 Тіл арқылы таны жүрек жарқылын!

Қазақстан — қазақ тілі теңдігім,
 Қазақстан — қазақ тілі елдігім.
 Қазақстан — қазақ тілі мәңгілік,
 Қазақстан — қазақ тілі сенімім.
 ... Осы сенім алып шығар ел жүгін!

* * *

Мұхтар аға тірі болса өмірде,
 Отырар еді қазағымның төрінде.
 Ойлы көзі, кең маңдайы жарқырап,
 Сүйрер еді бізді ғасыр өріне!

Ұлылыққа тағзым әркез өтемін,
 Мақсатыма сол арқылы жетемін.
 Мақтанышпен әлі халқым жыр етер
 Ұлы Мұхтар мәңгі тірі екенін.

НЕСІНЕ ӨКПЕЛЕЙМІН...

Тағдыр саған несіне өкпелеймін,
 Жазмыштың жазуына мен не деймін.
 Аялаған үмітім, ақ гүлімді,
 Мезгілінен неге үзді ерте деймін.

Тағдырға бұл не жаздым аямаған,
 Кеше бар да, бүгін жоқ аяулы жан.
 Көз жасымды көл етіп мен таусылдым,
 Қарлығыңқы үнімде баяулаған.

Неге, неге сан сұрақ қаумалайды,
 Пәрша-пәрша жүрегім қан жылайды.
 Бар үмітім сендер ең алдымдағы,
 Еңді маған шын бақыт кім сыйлайды?

Жүре берем өтірік күлемін де,
 Қаумалаған қалың ой түнегінде.
 Шын қуанып бақытқа кенелетін,
 Болар ма екен күндерім тірлігімде.

Көніп келем, көнбіспін, көнемін де,
 Бұл артынан күн шығар сенемін де.
 Момын жанды Тәңірім сүйеуші еді,
 Сол тәңірім жеткізсін тілегіме.

Бір жебеушім мен барын сезінемін,
 Сол үшін де бәріне төзе білемін.
 Мұңымды айтып мұңайып табынғанда
 Бір жұбаныш болды ғой өзіме өлең.

Тағдырыма несіне өкпелеймін,
 Солай болса жазуы мен не дейін?
 Аялаған үмітім — ақ таңым ғой,
 Дем біткенше үмітім сенбе дейін.

КЕҢГІР САМАЛЫ

Кеңгірім қандай керілген,
 Тұңғыық тұнық иірімнен,
 Жағаңа барып сырлассам,
 Тереңнен ойым терілген.

Кеңгірдің таңы ғажайып,
 Өлеңмен оны жазайық.
 Жағаға барып армансыз,
 Көңілдің сырын қозғайық.

Тулаған асау балықтар,
 Су түбінде қалықтар.
 Кеңгірдің есіп самалы,
 Қыз арманы шарықтар.

Жағалай өскен жарысып,
 Қоғалы қамыс майысып.
 Борығын тартып балалар,
 Тереңге сүңгір барысып,

Бозбала көркем ырғалған,
 Су беті әсем нұр қалған.
 Жігіттер қызық, жігіттер,
 Көз алмай тұрған сырғаңнан.

Тобылғың жұпар аңқыған,
 Тобылғы сезім балқыған.

Кеңірдің шағалалары
Жағаға төніп шарқ ұрған.

Күн сайын нұрмен таласқан,
Қос қала қандай жарасқан.
Жезқазған және Сәтбаев,
Кеңірге ортақ — ән аспан.

ШЫН БАЙҚАЛЫП ШЫН АҒАНЫҢ ЖОҚТЫҒЫ...

(Шынболат Ділдебаевтың рухына)

Естігенде қаралы осы хабарды,
Жайдың оғы тіліп өтті даланы.
Сенбей көңіл, қимай қайран Шәкеңді,
Жасқа шылап тұрдық сонда жанарды.

Қайран ғұмыр жұлдыз болып аққандай,
Иыққа жүк келіп түсті бағиандай.
Шәкең соның бәрін сезіп үн-түнсіз,
Шалқалап бір көрінді ұйықтап жатқандай.

Кеше ғана мерейтойың өткерген,
Халқыменен қызық күнді көп көрген.
"Шәкең өлді!" дегенге кім сенеді,
Шәкең рухы сөнбейді деп білем мен.

Мәдениеттің шын сарбазы жоқ, міне,
Ер Шәкеңнің таудай еді-ау шоқтығы.
Кенші қалам жүдеу тартып тұрғандай,
Шын байқалып Шын-ағаның жоқтығы.

АҚИЫҒЫ ӨНЕРДІҢ

Ақиығы өнердің,
Сырда туып, қырда өскен.
Даладай аға кең едің,
Өнердің туын көтерген.

Аманат етіп айтқандай,
Әр сөзің аға есімде.
"Байқоңыр" театры... Ай қандай?!
Өн салдың күздің кешінде.

Қоштастық аға тым ерте,
Халқыңа сондай керек ең.
Тыңдырар іс көп деген ең
Жайылып үлкен керегең!

Өлді деуге қимаймыз,
Артында өлмес сөз қалды.
Мұражай, мектеп ашардай,
Ұрпағыңа із қалды.

Ақ иығы өнердің,
Сырда туып, қырда өскен.
Даладай аға кең едің,
Өнердің туын көтерген.

БАЯН ТАУДАН ҚАНАТ ҚАҚҚАН...

1936 жыл еді, наурыз айы басында,
Нарком бізге хат жолдапты расында.
"Мыс зауыты салынсын!" деген бір
Жетті хабар Жезқазған қаласына.

Содан солай гүлденіпті қыр далам,
Ұлы достық мекені боп бұл қалам.
Жезді кенті зерттеліпті таусылмас,
Жердің астын үңгіп терең барлаған.

Жезқазғаннан барған оқ пен қорғасын
Зұлым жаудың бұзды қамал, ордасын.
Дегендей-ақ Жезді кені үн қатты,
Он танктің жетеуі өзінде болғасын.

Ұлы іске дем берді ұлы данышпан,
Кеншілер көп жігер алды Қаныштан.
Байқоңыров, Гурба, Есенов, тағы кім...
Штифанов олар да өзін танытқан.

Баянтаудан қанат қаққан Қанышым,
Ұлытауға қонақтаған арысым.
Қазағымды бар әлемге танытты,
Жезқазғанға арнап үлкен бар ісін!



Баурайында Баянтаудың табиғаты көрікті,
Дүниеге Қаныштай дана бала келіпті.
Баянтаудың самалы аялады еркелеп,
Дегендей-ақ бұл бала болар ертең білікті.

Он екінші сәуір күні жер ғарышпен тілдескен,
Іңгәлаған оның дауысы осы күнмен үндескен.
Табиғат пен туған анаң тарту етіп өзінді,
Ғарыштағы жұлдызың да жермен күліп
жүздескен.

Ғарыш сыры, жердің сырын ұқтырған,
Өр тұлғаңа кім сүйінбес нық тұрған.
"Сәтбаевтың планетасы" деген ат
Жаралғандай екен-ау ол құт-нұрдан.

Жас қыран ең Баянтаудан самғаған.
Қарт Имантай баулып, еркін таңдаған.
Ұлытауға ұшып келдің қомданып,
Қырандықтың нағыз жолын жалғап сан!

"Жоқтың" тауып, дәлелдедің жауабын,
Шештің қиын сан істердің сауалын.
Қанекемдей шын данышпан — арыстан,
Еңбегімен алды елдің сауабын.

Дүр сілкініп бой көтерді шахталар,
Шахта үстіне түссе еңбек ақталар.
Жезқазғанның інжу-маржан саф мысы,
Қанышымен мәңгі бақи мақталар.

АҚЫНҒА

Келбетіне Мұса ағаның қарағам,
Тау қыраны болар сірә, деп қалам.
Жыр нәсерді ақ жауыңдай селдетіп,
Найзағайдай сөз семсерін қадаған.

Адам жаны өсем жырсыз мәз емес,
Сарыарқада ақын ұлдар аз емес.
Қуанышын, қайғынды да бөлісер,
Ақын жыры — сиқырлы бір саз елес.

Кенші дейміз, ақын дейміз арқалы,
Жүреді ол кеңге салып арқаны.
Жыр-жұлдызы жанатынын бір біліп,
Жыр-бәйгеге қиналмай-ақ тартады.

Міне, бүгін жоқ ешкімнің таласы,
Берілгендей ақынның шын бағасы.
Кәусар бұлақ қайнарының көзіндей,
Жырының еш ортаймайды сағасы!

ОСЫ МЕН ҚЫЗЫҚ ЖАНМЫН...

Осы мен қызық жанмын,
қызық жанмын,
Көңілімді кейде жылап бұзып та алдым.
Балаша жұбанамын, қуанамын,
Әйтеуір, таусылмайды қызықтарым.

Өмірдің қысқа екенін ойламаппын,
Оның шын қадіріне бойламаппын.
Міне, өнді елуге де келіп,
жеттім,
Көз жасымды суғарып,
ойға баттым.

Ол рас, нәзіктігім,
олқылы ісім,
Көңілдің қалай басам толқынысын?!
Бұл әлде бағым ба екен,
сорым ба екен,
Тым аңғалмын осы ғой — қорқынышым!

СЕЗІМ — ГҮЛ

Сезім — гүл жүректі
Мұңайтып кетпеші.
Одан да бір-екі,
Сыр айтып төксейші.

Тілекті тілекке,
Бір қосып самғашы.
Жүректі жүрекке
Сезім — гүл жалғашы.

Махаббат ақ гүлін,
Өмірлік сыйлашы.

Сезім — гүл — бақ гүлім,
Жаныма күй салшы!

* * *

Өлеңмен сырласамын,
Сырласпайтын болмас ақын.
Қамықсам да, қуансам да,
Одан маған кім бар жақын?!
Өмір деген — теңіз толқын,
Өлеңіммен егіз болдым.
Жанға дауа — дертке шипа,
Толатындай кезім олқым.

Өлеңімді жаза берем,
Өмір сырын қаза берем.
Өлең оты бірге қайнар
Ошақтағы қазанменен.

ЖҮБЫМДЫ ЖАЗБА, ТАҒДЫРЫМ...

Арайлы көктемнің сағымындай,
Жанымды тербеттің сен нәзігім-ай.
Сезімің сенбейтін жалынындай,
Есіңде ме тұрушы еді, сүзіліп ай.

Сол айдай жүзің сенің күлімдейді,
Неткен кербез едің, керім едің.
Сүйші өзің дегендей үлбірейді,
Сенің нәзік ... алқызыл еріндерің.

Кеңгір бойы... көңілдің шалқуын-ай,
Жүрегімде ән тұнды жаз нұрындай.
Толқынында ойнаған қос аққудай,
Жұбымызды жазбашы тағдырым-ай!

НӨЗІК СЕЗІМ

Өзіңе деген бір сезім,
Өзіңмен ғана оянар.
Сенсіз бір өткен әр күнім менің
Сағыныш тұнған жыр болар?

Шалқысын көңілім өзіңмен ғана,
Балқысын жүрек бусанып.
Танимын бәрін көзіңнен ғана,
Кететін кейде мұң салып.

ЖАН АПА

Көрмегелі көп болды ғой жан апа,
Қуаныштан күлімдеші нұрлана.
Сәуле шашып жүрегіңмен жылытқан,
Өзіңізді сыйлайды ғой бар бала.

Жаның дархан, кең пейілді жан апа,
Барлық жанға болғандайсың пана да.
Елің елеп, халқың сыйлап жатады,
Жұлдызым деп маңдайдағы шын дара.

Ес-ағадай адал аға жол бастар,
Өрқашанда қосағыңмен қоса ағар!
Бір балаңыз екеу болып қуанып,
Немере мен шөбереге үй толар.

Қабыл болып халқың берген баталар,
Қолдай берсін әулие-пір бабалар.
Болашақта Би-Фатима пірімдей,
Сыйласыншы сізді барлық аналар.

Сыйлас болған, қимас болған емші апа,
Құшағыма алайыншы, келші апа.
Сарыарқаның саумалын кеп ішіп кет,
Шын сағынып жүргеніме сенші апа!

ЖЫРАҚТА ЖҮРСЕМ САҒЫНАМ

Жырақта жүрсем сағынам,
Тағдырға мынау бағынам.
Балдәурен еске түскенде,
Ауылды аңсап қамығам.

Тойына бардым бауырдың,
Жағдайын көрдім ауылдың.
Бауырына басып баурайды,
Үлкен, кіші қауымың.

Жайым бар мақтап бағалар,
Жеңгелер бәрін таба алар.
Искеп, сүйіп маңдайдан
Жатады жайсаң ағалар.

Тай құлындай тебіскен,
Бірге жүріп, бірге өскен.

Құрдастарды көргенде,
Өзілдеймін мен үстем.

Тәтелеп іні, сіңлілер,
Көзге де түсіп ілінер.
Жас келіндер көрікті,
Ибалық жасай біліңдер!

Жырақта жүрсем сағынам,
Тағдырға мынау бағынам.
Балдәурен еске түскенде,
Ауылды аңсап қамығам.

ӨЗ ОЙЫМ

Жек көремін адамды көлгірсіген,
Көзге күліп, сыртыңнан білгірсіген.
Ашық көңіл, ақ ниет, ақ жүрекпен
Жүздескенде шын күліп жүздеспеген.

Ойлайтындар бар шығар мені момын,
Ол рас, көрмей өстім есеп жолын.
Бақай есеп жаңдарға бәрі оңай,
Ар-ұяттың білмейтін оңын-солын.

Намысым бар ешкімге таптатпайтын,
Басындырып басымнан аттатпайтын.
Аққа қара жағылып жатқан кезде,
Өз ойымнан ешқашан мен қайтпаймын!

МАЗАСЫЗ ШАҚ

Мазалап ойлап қағады,
Жыр есігін мезгілсіз.
Қинап-ақ мені бағады,
Жауабы әлі белгісіз...

Сұрықсыз бұлттар аспанда
Түнеріп тұрып алады.
Ұқсастық... әлде басқа ма,
Белгісіз оның жауабы.

Жыр жауыны селдеді,
Жаным нұрға бөленіп.
Толқыңды ойлар келеді,
Торғындай мені көмкеріп.

ЕКІНШІ БӨЛІМ

БОЛАШАҚҚА СЕНЕМІН



КӨҢІЛ СЫЙЫ

Заман жүгін көтерер,
Заңғар туған асыл ер.
Жұртының сөзін жеткізіп,
Ақыны жырмен термелер.

Өз жайын айтар өзекеден
Өртене шыққан өлеңмен.
Арайлап атқан әр таңға
Ақ тілеу айтып келем мен.

Ақ көңіл болдым, ақ жарқын,
Өмірдің білдім сан нарқын.
Ақылмен кесіп ой пішіп,
Сабырым болды сары алтын.

Желігіп ойсыз күлмедім,
Орынсыз шалқып жүрмедім.
Сыйлата білдім ортада,
Сыйсыз жоқ өткен күндерім.

Достарға жайсаң ерке едім,
Олармен өсті өркенім.
Танытып әркез келемін
Көңілдің кербез көркемін.

Тағдырдың көрдім өткелін,
Орны жоқ ешбір өкпенің.
Жанына тиіп жолдастың
Жаман сөз айтып сөкпедім.

Шаңыраққа жалғыз ер еге,
Жарым бар, бала, немере.
Солар бар ғой — менің байлығым,
Нәр беретін өмірге.

Сыйласқан досқа сыңармын,
Адалдыққа әркез құмармын.
Құлатпай шүкір келемін,
Арымның биік шынарын!

Жағаңда өстім, Кеңгірім,
Кеңгірім менің — жан нұрым.
Келгенше тілім жырлармын,
Кеңді өлкемнің әр қырын.

Міне, аштым ғасыр есігін,
Жар болып туған бесігім.
Қанағат ете беремін,
Алланың берген несібін.

ҚОС ЕМЕН

Қос еменді саялап өсіп ем мен,
Қос ананың көлікті көшіне ергем.
"Ақ ботам" деп мені олар аймалады,
Ең қымбатты өнегем осы көрген.

Содан болар ту етіп адамдықты,
Бар қасиет анадан маған жұқты.
Бақыт тілеп адамның бәріне де,
Тілемеймін ешкімге жамандықты.

Іс дегенде болмайды тұру меңде,
Жалыққам жоқ әр нәрсе білуден де.
Татулықтың үлгісін көрсетіндер,
Ағайын мен туысқан рулы елге.

Тілеуші едің халқыңның ақ тілеуін,
Түсінуші ең ананың пәк жүрегін.
Пейілдерің көп жылдар көңілімде,
Өлең болып аунақшып жатты менің.

ҚУАНЫШ ОТЫ

Құтты болсын қос ботам қадамдарың,
Көптен күтіп есікке алаңдадым.
Орындалды мінекей, бар арманым,
Сан ойларым толқытқан санамда мың.

Жасқана кеп есікті аттағаның,
Береке мен бірлікті сақтағаның.
Маңдайыңнан иіскеп емірене,
Мен де бүгін баладай шаттанамын.

Мен де сендей бір кезде жас болғанмын,
Ақ босаға аттауға жасқанғанмын.
Маңдайымнан иіскеп мені анам
"Құтты болсын" дегенді жас қадамың!
Сыйлай білсең туысты, жас та болсын,
Осы отадан өзіңе бақ табарсың.
Берекесін келтіріп әрбір істің,
Болашаққа жарыңмен аттанарсың.

ЖҮРЕГІҢ СЕНІҢ КІМ ДЕСЕ...

Жүрегің сенің кім десе,
Отаным ол дер едім.
Тірегің сенің кім десе,
Дер едім Отан тірегім.

Отанды мынау тірлікте,
Өтемін сыйлап әрдайым.
Шақырған достық, бірлікке,
Мен оны көрем нұрдайын.

Жұлдызы биік елімнің,
Бақытты мен де қызымын.
Көтерер жүгін сенімің
Жүрегімдегі қызуым.

ЖЕЛТОҚСАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

Желтоқсан желі қандай ызғарлы еді,
Уақыттың өктем үні ызбарлы еді.
Әділдік бұрмаланбай тыңдалғанда
Жүрегі жас ұрпақтың сыздар ма еді?!

Желтоқсан жаңғырығы тұрар есте,
Ол — тағылым, кейінгіге мұра емес пе?!
Елі үшін жанын пида еткен ерлер
Салады ежелдегі ұранды еске.

Халқымның туады әлі Қайраттары,
Желтоқсанда жас жүрек айбаттаңды.
Қасқайып қарсы тұрған сом тұлғасы
Өзі өлген соң ақталып, айғақталды!

Үшқыннан алаулатып жақты жалын,
Жалау ғып ұстады олар қазақ арын.
Еркіндік, бостандық деп ұмтылды да,
Танытты қазағымда намыс барын!
Қайрат боп қалықтады қырандарым,
Туған ел ұмытпайды ұландарын.
Тәуелсіз еркін бүгін ел болғанда,
Жас қыран Алашым деп ұрандадың!

Жаршысы бостандықтың асқарлы әннің,
Өзекті оққа тосқан бар жастарым.
Халқым-ау, ұмытпайық, еске алайық,
Жасасын қыршын кеткен қаңдастарым!

Тәуелсіздік бұлқынып желтоқсанда,
Тосқауыл қойылды ғой мың тасқанға.
Желтоқсан батырларын құрметтейік,
Ерлікті арқау етіп жыр-дастанға!

ЖАР ТІЛЕГІ

Аяулы жар, асыл әке ардағым,
Ердің жасы — елуге бұл арнауым.
Қалай ғана сезбей біздер келгенбіз,
Мына уақыттың зымырандай самғауын.

Шырғалаң өмір шырмауында жүргенде,
Елуге жету оңай да емес білгенге.
Өзің барда шаңырағым шайқалмай,
Өзің барда құт көбейді іргемде.

Адал бақан шаңырағымның тіреуі,
Азаматсың кең пейіл ақ тілеулі.
Қоңыңнан ет кесіп бере аласың
Жақсы көріп шын сыйласаң біреуді.

Ащы-тұщы кермегі бар өмірдің,
Көрдің оны, сезді бәрін көңілің.
Қиындықты еш қайыспай көтерген,
Сені жебеп келе жатыр Тәңірім.

Өзіңменен менің жаным шуақты,
Көңілімнен жылға болып жыр ақты.
Балаларды бақытты ету жолында,
Басымыздан өткердік сан сынақты.

Сыйласымды сәні өзгеше өмір бұл,
Бірге таттық оның балды шырынын.
Ұл-қызыңның, немерелер қызығы
Еш қартайтпай ұзақ болсын ғұмрың!

ҰЛЫМА

Ренжіме ұлым-ау,
Анаң жөнін айтқанда.
Өкең жөнін айтқанда
Жақсылықты ұғын сен —
Ешкімнің көңілін қайтарма.

Баламын демей, ерте деп,
Қамыңды жаса ертерек.
Болашақ ертең сенікі
Атпайды ол бірақ, еркелеп.

Өкенің жанын ұға біл,
Көңілден және шыға біл.
Өкеден тәлім ұл алса
Жанады ботам, шырағың!

ЕҢЛІК ГҮЛ

Қарсы алып жаздың,
бұла таңын,
Көңіл-жүйрікті күнгейден құлатамын.
Тау қызымын, тауға қарап өскен соң
Еңлік гүлді, тау гүлін ұнатамын.

Гүл алуан қызылы, сарысы бар,
Оларда үлкен сұлулық жарасым бар.
Ерке қайным, өз гүлің болуы үшін
Жүрегімен қыздардың санасыңдар.

АНАМА

Анашым, саған ақтардым жылы сөзімді,
Қабыл ал мендік балалық балғын сезімді.
Мұнартқан сонау мақсат шыңына бет алдым
Таяныш етіп өзіңді.

Өткердік жылдар, қуандық кейде күйіндік,
Жатырмыз біздер тағдырдың алып сыйын құп.
Сен берген қуат жаныма демеу болады,
Көзіксе жолда қиындық.

Сескентті кейде қыспаққа алып сан ызғар,
Өлтірмей мені келеді таудай парыздар.
Ақталды деме анашым сенің алдыңда,
Алдымен қызың қарыздар.

СӘБИ КӨРСЕМ...

Сәби көрсем елжіреймін бір түрлі,
Көңліме мұңдылау бір жыр тұнды.
Жетім көрсем жәутендеген жанары
Еркімнен тыс көзіме жас іркілді.

Біз де міне, өстік, өндік, жетілдік,
Қиындыққа қарсы тұрып бекіндік.
Уа, адамдар, аялаңдар сәбиді,
Жер бетінде болмасыншы жетімдік.

МҰҢШЫЛ БОЛМА, КӨҢІЛІМ

Бала жастан болып өстім сезімтал,
Жүрек сыры — нәзік перне дыбыс сан.
Қос шектегі сол пернені дәл бассаң
Екі жүрек бір әуенмен тыныстар.

Перне күйін дәл баспайды кей жандар,
Неге керек, не үшін керек бейғам хал?
Мұңшыл болмай, сыршыл болшы, жүрегім,
Бұл дүниеде тазалық бар, иман бар.
О, адамдар, соны ғана сыйлаңдар!

ҚЫЗ-КӨКТЕМ

Тәкәппар деп қыздарды кінәлама,
Қызғалдақты көктемім орала ма?
Сыршыл еткен қыздарды қыз-көктем ғой,
Асқақтамай жандары тұра ала ма?

Қыз-көктемде қыздардың бәрі әдемі,
Қиядағы еңлік гүл — ең әдемі.
Анау жүрген бозбала мен бойжеткен —
Махаббаттың шынайы куәгері.

ЕЛЕСІҢДІ ІЗДЕЙМІН

Асыл ағаны еске алған кездерде
Мұң тұнар қара көздерге.
Есіл ағаның елесін іздеймін
Сағынышқа адам төзген бе?

Сарыарқа бойы, сары белдерде,
Ізі бар оның күміс көлдерде.
Жарқылдап өтті найзағай ғұмыр,
Қас-қағым сәтте, деп-демде.

Көңілдің орны қалайда толады,
Қырандар қайта тұғырға қонады.
Ғасырғз лайық бір туар асыл
Әлі де туады, әлі де болады.

ҚҰДІРЕТ

Өлең-жырдың пайғамбары — Абайым,
Ақ айдын ғой, айдынына қараймын.
Бір тамшың боп қосыла алмай жүргенде,
Мен өзімді қалай ақын санаймын?

Елің міне, егеменді ту тіккен,
Ол құтылды бодандық пен күндіктен.
Бір қызың мен көкке үнсіз қараймын—
Жұлдыздары жымың қаққан түндіктен.

* * *

*Жүрегің неткен жылы еді,
Жанымды менің ұғатын.
Жандарың неткен нұрлы еді,
Жаныма мейір құятын.

Теңіздей көңілің шалқыса,
Тұнығыңда мен жүздім.
Өтелмей қалды қалпынша,
Өкініш атты бір сезім.
Өтермін шамам келгенше,
Ақ ниет адал сезіммен.
Самайға қырау енді енсе,
Қиналып жүрсің, сезем мен.

ТАУ ҚЫЗЫ

Өр тұлғалы жаны таза тау қызы,
Сені тартты қазағымның дәм-тұзы.
Сұлу сырлы жырларыңнан сезілер,
Жүрегіңнің жайнап тұрған жұлдызы.

Еркелетіп сыйлайды оны бәрі де,
Сыйлайды оны сүйіп жасы, кәрі де.
Ол өткізген кештер қандай келісті,
Асығасың жиып қойып бәрін де.

Сөреде тұр жыр кітабың сыйлаған,
Асау жырың арнасына сыймаған.
Тау баласы тауға қарап өседі,
Таныс осы сиқырлы сыр, күй маған.

Кавказ қызы, Шейх, Мансұр ұрпағы,
Ел-жұртыңның қолдай берсін ер рухы.
Қазақтар да өз қызым деп сыйлайды,
Өлеңіңнің ұксаған соң ырғағы.

ӘРУАҚТЫ БАБАЛАРДЫҢ ӘУЕЗІ

Бисмилла деп бастайын мен жырымды,
Тұнып тұрған қойнауымда тарихымдай
сырымды.

Естігенде әруақты бабалардың әуезін,
Ақын жүрек қалай табар тебіренбей тынымды?!

Тәңір өзі жаратанда, мынау дархан даласын,
Салдырғанда небір сәнді бау-бақшалы
қаласын.

Пендесіне берген құдірет ақыл-ойын, санасын,
Еңбек етсе емізер деп жердей асыл анасын.

18 мың бұл ғаламды құдіретімен жаратқан,
Бір Алланың бары рас пендесіне әу бастан.
Тіршілікте адамдарға ұмытпауға тәубасын,
Елшісі етіп бұл фәниге Пайғамбарын таратқан.

Қырық жаста әмір келді Мұхаммед Алладан,
Жебірейіл періштесі уахиб айта бастаған.
Пайғамбарсыз Мұхаммед сіз Ислам дінін
ұстанған,
Алла әмірін екі еткізбей, пайғамбарым
қостаған.

Он үш жылдай Меккесінде Ислам дінін
таратқан,
Тән азабы, жан азабы дінсіздер көп бара
жатқан.
Жүз он төрт сүре, отыз пара "Құран-Кәрім"
кітабын
Жиырма үш жылда жазып болып Алладан
медет сұратқан.

Соңғы елшісі Алламыздың болған солай
Мұхаммед,
Діні болған Исламның "Құран-Кәрім" бұлақ ед.
Пайғамбардың ақ туының астына кеп жиналған,
Бірлік жолын бабаларым ақ ниетпен құрап ед.

Пайғамбардың аманатын айтып бізге Арыстан
баб,
Жеткізді ғой тіл астына құрма дәнін салып ап.
Жүрді бабам табыстауға дәннің іздеп иесін,
Ахметтей әулиесін бір көргенде танып қап.

Қазағымның қасиетті топырағы — Түркістан,
Арыстан баб, Ахметке мекен болған о бастан.
Арыстандай әулиесіне түней келген пендеге
Қабыл болып әр дұғасы өзі келіп жабысқан.

Парақтасаң тарихымның сан ғасырлық көп
бетін,
Білеміз біз сан мыңдаған әулиелер өткенін.
Толқынымен замананың жүріп өтсе пендесі
Ұрпағына мирас етіп, таныстырған бектерін.

Не зұлматтар өтіп келді бұл қазақтың
басынан,
Арам дәм де — арақ атты орын алды қасынан.

Қастандықпен аздырылып ұрпағымыз
жасынан,
Қайда кетті ағыл-тегіл күй мен жырың
тасыған?!

Қасиетті Түркістанның топырағынан жаралған,
Әруақты Әулие ата бабалардан тараған.
Жан-жарасын, тән жарасын емдеп жазып
қараған,
Жалпар ұлы Есенбайдың бабалары сұраған.

Сарыарқаға шақырды оны үш әулие үндері,
Аяз қақап тұрған қыстың қаһарлы бір күндері
Әруақты Есенбайдың бастауымен келді олар,
Бабалардың рұқсатынсыз жүргізілмеді
емдері.

Күпиялы тарих сырын ашып еркі біл дескен,
Таныттыр деп ұрпағына шақырып ап
жүздескен.
Дүниеден өткеніне сан ғасырлар болса да,
Есенбайдай әруақты жан баласымен
тілдескен.

Тынымсыз-ақ іздеп жүрмін бір жарым ай
даламнан,
Өләйдар мен Асанбаба табылды ғой
қаламнан.
Қатар жатыр тоғыз әулие Теректінің жерінде
Атын атап бабаларым таныстырсам
таңқалман.

Асан ата Сәтбаевтың қыратына жерленген,
Қарыс жердің қойынына жан еді ол ерте
енген.

Рысбектей жетім бала дүниеден өткенде
Кешір баба, білместікпен үстіңізге жерленген.

Рысбекті жерлеп бөлек Әулиенің қасына,
Есен аға орындады аманатын расында.
Зиярат етіп естігендер бабасына барғанда,
Жаппар ұлы қойған белгі Әулиенің басында.

Ырза болып бабасына бата берді бабалар,
Ем жүргізіп бастап кетті өз жұмысын тағы олар.
Келіп жатса еміреніп елі-жұрты ағылып,
Дертке дауа, жанға шипа өздеріңнен сұралар.

Сал боп қалған жандар да бар жазып бойын
түзеген,
Небір жас пен кәрі де бар жаннан күдер
үзбеген.
Сауалы мен бұрауына жауап беріп шаршамай,
Қабылдайды емші, тәуіп адалдықты көздеген.

Қарлығаштың қанатымен су сепкендей себелеп,
Бозторғайдай шырылдайды пендемді Алла
жебе деп.

Әулие-пір бабалардан дертке шипа сұраған,
Жетті бізге Рахияның қасиетті үні кеп.

Тағдыр өзі әдейі арнап бір-біріне тең қосқан,
Екеуінің қос жүрегі елім-жұртым деп соққан.
Айналады туған халқың әруақты бабаңнан,
Есенбай мен Рахияны осы жолда көп қысқан.

Берді баға өздеріне халқың арнап тиесі,
Қолдай берсін Тәңірің мен бабалардың киесі.
Туған елің, халқыңызың алақаны ақ бесік,
Ұлағат боп ұрпағыңа қалыңыздар келесі.

Бардық біздер, бастап сіздер бабаларға
жиылып,
Ұрпақтарың тұрмыз сұрап кешірімді қиылып.
Шек келтірмейді құдіретіне қасиетті бабалар,
Желеп-жебеп жатыңдаршы, жүрейік біз
сиынып.

Барған кезде қасиетті Теректі әулие басына,
Зиярат етіп иіліп, біз таяу келдік қасына.

Құдіретті бір тылсым күш билеп тұла бойымды,
Тағым етіп, ерік бердім көздің бұла жасына.

Ашылғандай алдымыздан көп тарихтың парағы,
Болды мәлім ұмытылған тоғыз Әулие тұрағы.
Тілдесетін, үндесетін баба рухы қырағы,
Есімдерін білу болды Есенбайдың сұрағы.
Таныстырды тоғыз Әулие атын атап өздерін,
Мүтәліппін халық қойған атым менің Теректі.
Әбілқайыр, Асан, Алданазар, Жанқара, Оспан,
Шәріп
Жылқайдардай бабаларды білулерің керек-ті.

Әулиелі үш бөлек тау қонған екен қасына,
Әбілқайыр, Асан, Оспан алып келген басында.
Пайғамбарым намаз оқып басқан ізі сақталған,
Мөлдіреген тұма бұлақ ғажайып қой расында.

Күәсі боп тағы біздер құдіреттің ісіне,
Көк әлемі, жер әлемі кездескендей иесіне.
Үш алыптың кездесуі ғажайып бір ғаламат,
Жаратылыс заңдылығын түсіргендей есіне.

Әулие тау өлшенер ме биіктігі метрмен,
Құшағында заңғар аспан, кең далам да
көсілген.
Үндестікпен үш алыбы үнсіз ғана тілдескен,
Бабалардың жан шуағы самал болып есілген.

Білген жанға бұл әлемде ғаламаттар көп екен,
Пайғамбардың ізі ме екен, емші ізіне дөп
келген.

Сан сауалдың дүниеде тапқың келсе жауабын,
Қуаныш тек бақыт гүлі болсын жайнап
көктеген.

АҢСАУ

Әруағыңнан айналдым ата-бабам,
Өздеріңнен ардақты кім бар маған?
Түн ұйқымды төрт бөліп мазаланып,
Жылап тұрып жүректен жыр арнағам.

Көп аңсаумен келдім мен бастарыңа,
Түнеп шықтым сыйынып қастарыңа.

"Ал, жігіттер, өздеріңе тапсырма —
Аршыңыздар қабір жапқан бар тасты!"

Жалындаған жиырмадағы жастармыз,
Ұран салса қайбір істі бастармыз.
Ата-баба аруағы дін, тілді,
Ол кезде біз кері итеріп тасталпыз.

Мәңгүрт болып барымызды ұмыттық,
Бірақ біздер содан сірә, не ұттық?
Құдай да жоқ, құран да жоқ иман жоқ,
Елесіне коммунизм ұмтылдық.

Партияның саясатын ұстанып,
Комсомолдық істерге біз күш салдық.
"Бір қабірді ашып тастау немене?!"
Шал күрсінді әңгімесін қысқартып.

Ер Тұранның ұлары еркін, айбарлы,
Сұлу, көркем қыздары әсем жайдары.
Заманында дүниені билеген,
Қүдіретінің қайда жатыр қайнары?

Сан ғасырлар өткенімен арада,
Мазалайды арам ойлар санада.
Әлде олардың бас құрылысы: миы арты,
Маймыл тегі... әлде басқа, сарала.

Қастандықтан талай мешіт құлаған,
Ал, шіркеулер қоңырау соғып тұр аман.
Тілсіз мылқау біздер болдық сол кезде,
Бұл күйіміз біреулерге ұнаған.

Дәл осындай сұмдық ойлап тапқаны,
Дәл осындай бұғалық сап жатқаны.
Бізге еркін ойлау, ерік бермеді,
Қашық болып бостандықтың ақ таңы.

Міне, солай қаздық сөйтіп мазарды,
Тарттық содан қорлық пенен азапты.
Еске түссе әлі күнге түршігем,
Сол көріністер алады әлі мазамды.

Алғаш ашқан құлыптаста Алашахан болмады,
Ғалымдардың оған сірә, көңілдері толмады.

Маза бермей аруаққа көрді қайта қаздырды,
Осы бір іс бірақ біздің миымызға қонбады.

Екіншіден Алаш баба табылған,
Көрген жанды еріксіз ол таң қылған.
Төңірімнің күдіретіне табынам,
Ұйықтағандай хан иемді сақтаған.

Басы бөлек, денесінен алынды,
Пышақ жүзін кескен кезде қан жуды.
Кешпедің бе, ұрпағыңды хан баба?
Енді елесің жігіттерді шын құды.

Тоғыз жасар сол кезде мен қыз едім,
Деген ана тамағын бір кенеді.
Үйге келе әкем қатты ауырды,
"Тіршілікке қосылмаспын", — деп енді.

Содан әкем тірлікпенен қоштасты,
Сан әңгіме туындады, сан қашты.
Өулиелі асыл туған хан баба,
Азат болған ұрпақ көзін енді ашты.

— Ал, бас қайда?—деп сұрадым мен жылап,
Эрмитажға женелтіпті сол күні-ақ.
Найзағайдың оты түсіп көлігі,
Адамымен жоқ бол кетті ол бірақ.

Қарт күрсіне әңгімесін бітірді,
Мойындап сол өткен істі күпірлі.
"Қазған кезде тиіспедім қабірге,
Содан ба екен, қалыппын ғой мен тірі".

Қайта өңделіп,
бой көтерді кесене,
Кірпіш құйып жаңартылды нешеме.
Ал, бабамыз сол саяст жасаған,
Сорақы істі кешсе жақсы, кеше ме?!

Елдігімің бірлігінің қайнары,
Көк байрағым — тәуелсіздік айғағы.
Жасай берсін мәңгі осы азаттық
Жасай берсін бабалардың айбары!

АЙНАЛАЙЫН-АЙ

Сөзі Нұрлан Керімбековтікі

Ақын жүрек жырлайды, тылсым жырларын,
 Мың бұрала билейді, биші қыздарым.
 Аққу келге қондырды сыршыл әндерін,
 Кең даланы тербеді асқақ үндерің.
 Маңғыстауды дүбірлеткен күйлерің,
 Сарыарқадан сыр шерткізген әндерің.
 Қазағымның толғандырған сезімін,
 Елдігімді танытады сол үнің.

Қайырмасы:

Балапаным-ай,
 Балдәурен-ай,
 Асыл мұрат,
 Өн — қанат
 Айналайын-ай!
 Үкілі үміт-ай,
 Өн қондырған
 Кең далам-ай!

Айналайын балапаным бапталған,
 Айналайын балдәуренім тәтті арман.
 Айналайын гүл көктемім ән салған,
 Айналайын ақ үмітім ақталған.
 Айналайын күлімдеген күнімсің,
 Айналайын, қазағымның үнісің.
 Айналайын, жан шуағым мерейім,
 Мен өзіңнен ертеңімді көрейін.

ЖАС ҚАНАТ

Балапан қанат қатаяды,
 Қияға қанат қаққанда.
 Кеудеме шабыт нұр құяды,
 Арайлап таңым атқанда.

Қайырмасы:

Жас қанат,
 Бақ талап.

Бәйгеде озған,
 Өн-қанат.

Өнерін өрге асырған,
 Өнімен шашу шашылған.
 Мерейін елдің өсіріп,
 Бақ жұлдызы ашылған.

СӨТБАЕВ ВАЛЬСІ

Ғасырлар сырын жасырған,
 Қойнауы қазына тасыған.
 Байлығын тауып танытқан,
 Қаныштай ұлы данышпан.

Қайырмасы:

Сандуғаш сайраған әнді өлкем,
 Өлемді таңдантқан кеңді өлкем.
 Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем,
 Сөтбаев қаласы мәңгі көркем.

Өтеді өзінде мерекем,
 Ғарышпен тілдескен сәнді өлкем.
 Өлемді таңдантқан кеңді өлкем
 Тасысын әрдайым берекең!

Қиындықпен күрескен даласын сүйген,
 Даласын сүйген сеніммен.
 Бақытқа бөлейді ол елің
 Ашып кеткен кеніңмен.

Қайырмасы:

Аңсаған асыл арманын,
 Жалғайды аға ұрпағың.
 Өмір жолы өнеге
 Жұлдызы Сарыарқаның.

ҚАЗАҚ ЕЛІ

Туған жерім менің, алтын ұям сен,
 Орман, тоғай, көлім, асқаралы бел.
 Сенде өткен менің бақытты жас кезім,
 Қиял құсым болар шабыт көзі ең.

Еркін дала ұл-қызын,
Есерлікпен қорлаған.
Мыңғырған сан малыңның
Жайылымын жоқтатқан.
Өзен, тоғай, көлінің
Өзегіне өрт қойған,
Өткенім менің, Астана!

Тұрғызып қамал жағалай,
Құрсауын салған аямай.
Ат ойнатып жеріне,
Заң шығарып еліне,
Аяусыз қырған осылай,
Ақ дегені алғыстай,
Қара дегені қарғыстай.
Аузы түкті ақ патша,
Билік құрған тап солай.
«Еділді келіп алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Жайықты келіп алғаны,
Жағаңа қолды салғаны».
Есіңді жый елім деп,
Жыраулар жырын толғады.
Отарлады ортаңды,
Жағалай салды қорғанды.
Азаттығың тұл болып,
Ақырзаман орнатты.
Айыр құйрық саршаян,
Кім екенін болжатты.
Алаштың туын тіктірген,
Хан ордасын құлатты
Алауыз болып ағайын,
Халқыңды қазақ жылатты.
Шен менен шекпен таратты,
Оязың келді осқырып,
Бодаулы елді басқа ұрып.
Ақ найзаның ұшымен,
Ақ білектің күшімен, —
Өруақтап ұрандап,
Аманат еткен ұрпаққа.
Жат қолында қалды ғой,
Қасиетті туған жер.

Қылышын көкке суарып,
Жүректі улы дерт шалып,

Кенесары атойлап
Атқа қонды ол анық.
Күші басым айлалы,
Зеңбірек, қару сайлаулы,
Тең болмай күші жауына
Қолға бір түсті байлаулы.
Шапағы қызыл таң атты,
Бодаулық күні ол батты.
Азаттығым келді деп,
Қуанып, тойлап ел жатты.
Жөлбіреп келген қызыл ту,
Жөлкесін қиды қазақтың,
Тұрар, Мағжан, Міржақып,
Бейімбет, Сәкен, Ілияс,
Мыңдаған асыл арыстар,
Арманда есіл қалдырды,
Басына қайғы салдырды.
Соңында қалған сорлады,
Баласы, жары, анасы,
"Карлаг", "Алжир" тамұғы,
Соларға бола орнады.

Қыршындар кетті арманда,
Таң қалып мына жалғанға.
Дәлелдей алмай ақтығын,
Арының өппақ пәктігін,
Аманат етіп аттанды
Артында қалған ұрпаққа.
Сенімін олар серт еткен,
Азаттық күні кеп жеткен.
Егемен болды еліміз,
Тәуелсіз болды жеріміз.

Асыл ерлерін паш еткен,
Тұғырға қонды ескерткіш.
Аспанменен тілдескен
Тағзым етіп алдында
Ұрпағы келіп бас иген,
Күркірей соғыс келгенде,
Күнірене жылап жүргенде,
Бір өзі мыңға баланған
Батыр баба Бауыржан.
Әлия, Мәншүк, Төлеген
Намысты ұрпақ түлеген.

Жеңістің туы желбіреп,
Бақытқа елін бөлеген.
Жырау Жамбыл жырлаған
Қазағың осы көреген!

Партия айтты болды деп,
Қамбаға бидай толды деп,
Тың көтеріп тұраннан,
Жайылым кетіп сүреңнен.
Жүгері егіп сүрлеген,
Күндерді де көз көрген.
Жер астынан жік шықты,
Жалмауыздай тік шықты.
Атом атты аждаһа
Тажалдайын жалмады.
Дүниеге келген нәресте
Кембағал жүре алмады.
Тұншыға жылап аналар,
Амалы қылар болмады.
Бастаған жоқпыз соғысты
Тұтатқан жоқпыз біз өртті.
Уақыттың өзі төреші,
Күні жеткен Империя
Жегі құрттай желінген,
Іріп-шіріп бүлінген.
Ыдырап-тозып сөгілген.
Алламыз бізді қорғады,
Әуақтар қолдады.

Қасқалдақтай боздақтар,
Азғана төккен қанымен,
Аманат еткен жанымен,
Арайлы таңын атырды.
Бодаулық күнін батырды.
Азаттық атты арманның
Таңдайға балын татырды.
Ақ түйе қарны жарылды,
Ақ бие сүті сауылды.
Ақ ниет билеп қауымды,
Отырғызды ерін тағына.
Елінің туған бағына.
Сүйінші жұртым, сүйінші,
Тәуба, тәуба, Иншалла.
Алты жылда ел жаңа,
Алпыс жаста ер дана.

Өлем бүгін таныған,
Қазақстан ел дара!

Қиындық дейміз қиындық,
Айтады жұртым тиылып.
Тентегінді тезге сал,
Ездерінді жөнге сал.
Тізгін ұстар азамат,
Қанағат нысап, арды ойла.
Алтыннан соқпа сарайды,
Күмістен соқпа бар жайды.
"Алтын, күміс тас екен,
Арпа, бидай ас екен",
Бұрынғының сөзі бар,
Қалдырып кеткен артына.
Неше бір жандар өтпеген,
Неше бір байлар өтпеген.
Алтыннан күйме соқтырған,
Көруендей көшіп құрыған.
Халықтан тапса пайдасын,
Асырса жұрттан айласын,
Тасыса асып қанадан,
Қауызға Тәңірім сыйдырған.
Пайғамбарым Мұхаммед,
Азды қылған қанағат.
Құл-Қожахмет Яссауи еліне
Шығармас ешбір жаманат.
Нысап болсын басыңда
Ел сыйлар бүгін, азамат!

Бүгінгі күні толғантар,
Табиғат, тылсым тіршілік.
Аяласаң сүйіп анаңдай,
Тағылар сірә, бар ма айып?
Ластанды қазір бәрі де,
Өзенің, суың, көлің де.
Орман, тоғай, далаң да,
Уланды ауа, адам да.
Табиғаттың бермесін,
Аламыз тартып делінген,
Жойылсын ұран әманда!
Табиғат тылсым күшіне,
Қауқары болмас ненің де,
Дәлел деген ол шындық,
Адамзатқа фәниде.

Өр нәрсенің шегі бар,
 Аяла адам, аяла,
 Жеткізбе оны шегіне!
 Береке басы бірлікте,
 Өмірдің мәні тірлікте.
 Елбасының үндеуі,
 Тарихыңды түгенде,
 Адам Ата, Хауа Ана
 Жаралғаннан сыры бар.
 Қойнауы қазсаң қисапсыз,
 Қазынасы тағы бар.
 Аққу ұшып, қаз қонған,
 Өзен, суы, көлі бар.
 Құландары шабысқан,
 Көк бөрісі табысқан.
 Бөкені желмен жарысқан,
 Қыраны қанат қағысқан.
 Сағымды сары даланың
 Сыбызғыдай сыры бар.
 Домбыра, қобыз күйі бар.
 Күлтегіннен басталған,
 Теңіздей түпсіз жыры бар.
 Бөрілі байрақ байлаған,
 Түбі бірге түртпейтін,
 Түркідей текті елі бар!
 Оғыз бен сақтар мекені,
 Дешті Қыпшақ жұрты бар.
 Ұлдары мінген пырақты,
 Жаққан шамы шырақты,
 Айыр қалпақ басында,
 Аса таяқ қасында
 Аталарым дана-ды.
 Қарқара жаулық төгілген,
 Аналарым алып-ты.
 Сәукелесі сәулетті,
 Келіндері болған сүйкімді.
 Ақ маңдайлы ботакөз,
 Ақша беті үлбіреп,
 Шолпы, шашбау сыңғырлап
 Күміс белбеу белді орап,
 Аққудай әсем таранған,
 Ай менен күнге баланған.
 Отты құшақ орамды,
 Арулар болған арманды.
 Осындай сайын даланың

Сайыпқыран ері бар.
 Кеудесін жауға бастырмас,
 Артық сөз бастан асырмас,
 Кең пейілі даладай,
 Аңғалдығы баладай, —
 Батырлары жөне бар.
 Ұрымға барған ұрандап,
 Қырымға барған қыран боп,
 Ауыздықпен алысып,
 Тұяғы талмай шабысқан.
 Азу теңіз асысқан,
 Қызыл теңіз барысқан.
 Бөйбарыстай арыстар,
 Елімен қайта табысқан.
 Фарабидей даналар,
 Өлемге бізді танытқан.
 Соры мен бағы жарысқан,
 Кімнің бар асқан қазақтан?!
 Кермеге байлап тұлпарын,
 Тұғырға таңып сұңқарын.
 Саумал қымыз бал татқан.
 Жал мен жая дәм татқан,
 Көкпар тартқан додада.
 Бөйге берген тойларда,
 Томағасын сыпырып,
 Қаршыға салған құстарға,
 Ақын, жырау жырлаған,
 Асқақтатып ән салған.
 Сегіз қырлы, бір сырлы,
 Кімнің бар асқан қазақтан?!

Бүгін қазақ ұлы той,
 Бөріні жиіп көңіл қой.
 Өшкенің жанып өрлеген,
 Орындалды нұрлы арман
 Сарыарқамның бауырынан
 Ақмоладай ауылынан
 Дүниеге төрткүл жар салды,
 Тұсауын кес деп шақырды,
 Астанадай жас қала,
 Астанадай бас қала!
 Қараөткел бүгін жаңа өткел,
 Ғасырды жалғап ғасырға,
 Той болып жатыр қазақтың
 Өлемге даңқын асыра.

Келіп жатыр жан-жақтан,
 Бауырлас, туыс өз достар.
 Түркілер келді түбі бір,
 Өзбегім келді — өз ағам.
 Алатауды жайлаған,
 Егізімнің сыңары —
 Қырғызым келді бір туған.
 Әзербайжан, украин,
 Татар, орыс, түркімен,
 Қалған жоқ бүгін еш туған.
 Кең пейілді дос құшақ,
 Қазағыма мақтанам.
 Көпті көрген көреген,
 Елбасынан бақ табам!
 Әлемге өзін танытқан,
 Кімнің бар асқан қазақтан?!
 Ғарыштан Талғат тілдескен,
 Құшақтап елің қазағың,
 Мәртебем биік сенімен
 Ғарышкер батыр қазағым!
 Атар таңға ұласты,
 Толастамай мереке.
 Балауса балғын сүйкімді,
 Көрші деп міне, көркімді
 Қызғалдақтай құлпыра
 Қыз "Астана" үлбіреп
 Тағзым етті иіліп,
 Елбасына, халқына.
 Алла оңғарса боларсың,
 Бар қазаққа сен Ана!
 Орындалсын арманың,
 Балауса қыз — Астана!

Шалқып тұр бүгін Елбасы,
 Шалқып тұр бүгін Елбасы.
 Киелі біздің бабалар,
 Елім деп өткен еңіреп
 Еріңді әркез қолдашы!
 Таңы атқан арайлап,
 Қазағымды қолдашы.
 Ұзағынан қуаныш
 Мәңгі осылай болсайшы!
 Астана қыз — Астана,
 Құтты болсын қадамың.
 Таусылмасын жыр-өнің

Заманыңа сай болып,
 Ұрпағың өсіп жайнасын!
 Қуанып қарттар аман боп,
 Қызығына тоймасын!
 Аман болсын ағалар,
 Елін бастар даралар.
 Қарындас туған, бауырлар,
 Көгеріп көктеп өркендеп.
 Жерім жұмақ жәннат боп,
 Көк байрағым желбіреп.
 Ғасырды қарсы алайық,
 Астанам, тұршы сен гүлдеп!
 Ырыс, бақыт ордасы
 Шаңырағың биік болып,
 Керегең жайған кең болып,
 Барлық елмен тең болып,
 Жасай бер, жаса Астана!

ЗАМАНА, СЕНІ ЖЫРЛАЙЫН (Толғау)

Замана-мұхит, ел-кеме,
 Шындықтың күйін шерте ме?!
 Келгені аян тарихтың
 Көсапат деген дерт еме.

Заманда талай өрт болған,
 Арыстан ерлер мерт болған.
 Заманға міне, кез болдық
 Тәуелсіздік серт болған!

Заманым туды шаттық деп,
 Аспанға бөрік аттық кеп.
 Тәуелсіздік тұғырдан
 Бақыттың отын жақтық тек.

* * *

Замана, сені жырлайын,
 Жырламай қалай тұрайын?
 Елімді салған азапқа
 Сан-сауалды құрайын.

Елімнің мұңын мұңдайын,
 Заманның сырын тыңдайын.
 Алдаспан шындық айтпасам
 Ақының болып тумайын.

Ауылға бардым аңқылдап,
Алдымнан соқты салқын леп.
Қатары сиреп қамыққан
Сөз сөйлейді қартың кеп.

Отыр сөйлеп дана қарт,
Жүрегі толы жаракат.
Отырған жәйі бар екен,
Күнкөріске алдарқап.

Ойлап қамын, бастарын,
Жұмыс іздеп жастарым.
Көшіп кетті қалаға,
Болғаннан соң аш қарын.

Кіндік кесіп кір жуған
Жастығы өткен сан думан.
Алтын бесік ауылым,
Қия алмай отыр қарт қауым.

Отырған жәйі бар тоқырап,
Арық аттай шоқырақ.
Бұйырса болды деп осы
Туған жерден топырақ.

Кеңшар тарап, мал берді,
Жарық сөніп, шам келді.
Азығы жоқ, шөбі жоқ,
Мен қайтемін малды енді?

Тисе тимес терекке,
Болар ма істе береке.
Қыстан шықпай қырылған,
Мал етті бізді келеке.

Шұрайлы жерге жуытпай,
Басшылар алды бұйыртпай.
Бетеге бітпес бөлдерден,
Өзгелер қалды түк таппай.

Бүрсендеген торғайдай,
Мойнымыз қалды ырғайдай.
Техникадан айрылдық,
Бұраңданың құны бір қойдай.

Жалақы жоқ, ақша жоқ,
Не көмегі басқа жоқ.
Жанар май жоқ болған соң
Трактор қалды лақса боп.

Қант-шәй, ол-пұл тамаққа,
Аз мал кетті заматта.
Қоңсыдан шығып ұрылар
Қол сұқты майсыз табаққа.

Көпшілік қалды дал бола,
Қалмады ешбір мән-жоба.
Кітапхана, клубтар
Бүгінде болды мал қора.

Орны толмас өкініш —
Рухани аздық көбіміз.
Айтарға адам табылмай
Жәйіне қалды өтініш.

Қақса мейлі, қақсама,
Сатылды бәрі ақшаға.
Өнер, білім бүгінде
Доллары мол қалтада.

Айы мен күні аманда,
Күні туған заманда.
Танылып па еді әлемге
Небір ғалым ғұлама?!

Ашылмай бағы қала ма?
Таяқ ұстап далада.
Сүйеу кімдер болады
Ақылды туған балаға?!

* * *

Замана сені жырлайын,
Жырламай қайтіп тұрайын.
Ауыл қайтіп күн көрер,
Жауабын кімнен сұрайын?

Кірмейтін жәй бар санама
Жетелеп келген қалаға.

Ұстатар ма тәтті үміт
Қазақы қара балаға?!

Өркімге бір ағалап,
Мекеме, кеңсе жағалап.
Жүгіре жасып жүргені,
Өзгенің иті абалап.

Бүгін міне, мән басқа,
Заман басқа, заң басқа.
Тиыннан ақша жасаған,
Капиталист нар қасқа!

Құлқынның қамын ойлаған,
Жесе де қанша тоймаған.
Бізден де шығар байшыкеш
Нысапсыз өлі сан қасқа.

Тіреусіз қазған шахталар
Мыс берсе ғана мақталар.
Жер астында жан берген
Ерлерді кім бар ақтаған?
Сол сорлы көрер түбінде
Түңіл мейлі, түңілме,
Сорлы қазақ ақтабан.

Күнкөріске малданған,
Инвесторға жалданған.
Арзан қолды күш болдық,
Күні-түні сандалған.
Жүре бермей ән салып
Жұмыс істе жан салып,
Жалқаулық сенің неңді алған?!

Кімге қазақ күлесің,
Үлесің қайда үлесің?
Жасық болсаң жігерсіз,
Ит қорлықта жүресің.
Оян мейлі, оянба,
Қарның әлде тоя ма?
Оны өзің білесің,
Жеріңнің мыс байлығын
Болмаса егер айбының.
Кім көрінген құр талап,
Көресің зорын қайғының.

Түсін мейлі, түсінбе,
Құр босқа қазақ ісінбе.
Туып тұр ғой ай-күнің,
Қараңғы елге күн болып,
Білімге жаршы үн болып.
Қаныштай асыл данамыз
Өтті ғой мәңгі пір болып.
Өр нәрсені аңдасақ,
Сол жолды ұстап самғасаң,
Өтесің сен де нұр болып!

* * *

Замана, сені жырлайын,
Жырламай қалай тұрайын?
Еңсесін езген елімнің
Сан-сауалын құрайын.

Тарата салу, қирату,
Бөрінен болар ең оңай.
Бардан жоқты жасаған
Ендігі күнің құр ойбай.

Науқаншыл тірлік осындай
Бола да бермес тосын жәй.
Шығып жатқан заңдарды,
Оқыған жөн ғой, досым-ай!

Құлықтың жәйін ілгендер,
"Иномарка" мінгендер.
Олар да ертең қан құсар,
Деп айтады білгендер.

Апат берсе қиын хал,
Аллаға пенде сиынар.
Адамнан келген апаттан,
Қайда барып тығылар?!

Инвест-купон таратып,
Елді аузына қаратып,
Жылмаң қақты фирмалар
Ел байлығын жаратып.

Нәтиже күткен тарыға
Түсірді жұртты торына.
Ел сенбейді ешқашан
Енді міне зорыңа.

Сыбайластық, жемқорлық —
 Болып тұр ғой ең қорлық.
 Қасқырға қойын жегізіп,
 Халық отыр сол зорлық.

* * *

Замана, сені жырлайын,
 Жырламай қалай тұрайын?
 Жаңа өмірге жақсылық
 Тәңірден мен де сұрайын.

Жас ана жәйі бәрі есте,
 Кемтар туса нәресте.
 Болашақ ертең не болар
 Болашақ бала емес пе?!

Зор көбейді бүгінде,
 Қор көбейді бүгінде.
 Қаптаған осы қорлардың
 Кетпейді ешбір түгі де.

Алпамыстай айбатты,
 Қобыландыдай қайратты.
 Қыз Жібектей сымбатты,
 Сәбилер келсін әйбатты.
 Сан ғасырлар өткенде,
 Жаңа дәуір жеткенде.
 Ошақтың отын өшірмей,
 Бала санын өсіргей!
 Оны ешбір шектеме,
 Деп айтайық бек сене.
 Қараторы хас сұлу,
 Айымторы жас сұлу —
 Қазақы келіншектерге!

Қиындық өтер қынжылтқан,
 Жетті ғой жаңа жылжып таң.
 Жаңа ғасыр мыңжылдық
 Әкелсін бізге ырзық нан!
 Бір төл келсе дүниеге
 Бір дән берсін артығынан!

Руға бөліп ұрынған,
 Жүзге бөліп жырылған.
 Жаман әдет жойылсын
 Келе жатқан бұрыннан!

Аңдысқанды жау алар,
 Айтысқанды дау алар.
 Өсер елдің баласы
 Жан-жағына қарашы.
 Өз-өзімен өштесіп
 Кім бар еді қырылған?

Құлақ салсаң кеңеске,
 Өмірге өлшем емес пе?
 Төле би, Қазбек, Әйтеке —
 Биік еңсең емес пе?!
 Қиындыққа еті өлген
 Бірліктің туын көтерген,
 Қазағым мен, сен емес пе?!
 Тәуелсіздік тұғырын,
 Мықты боп шаңырақ уығың.
 Шыға берген биікке,
 Қазағым, жөн емес пе?

Тәуелсіздік туды, енді азат,
 Шетелде жүрген көп қазақ.
 Моңғол, Қытай басқа деп,
 Етпесеңші сен мазақ.
 Ол сөзің ауыр емес пе,
 Қандасың, бауырың емес пе?!
 Онсыз да көрді сан тозақ,
 Табаны жерге тигенде
 Сағынып елге келгенде.
 Жүрегің қалай егілмес,
 Бауыр деп саған сенгенде.
 Көзге шұқып кемітіп,
 Жүрегін қайта егілтіп,
 Болмайық біздер шерменде.
 Кісі елінде сұлтан боп,
 Өз елінде ұлтан боп.
 Жүргеннің жәйі белгілі,
 Келді ғой мұнда тұрсам деп,
 Қытайың асса миллиардтан,
 Қазағың болды он миллион
 Ойлама мұны көп сан деп.

Қуанып әркез тұрайын,
 Өрнегін жырдың құрайын.
 Елімнің артып бірлігі,
 Жасарып, жайнап тірлігі.

Болсын деп бақыт ылайым,
 Жар болсын деп құдайым.
 Жаңа өмірдің жаршысы,
 Күтіп жүрген бар кісі,
 Ғасырдан бата сұрайын!

1999 ж

МАЗМҮНІ

<i>Бірінші бөлім. Тунық бастау</i>	<i>3</i>
<i>Екінші бөлім. Болашаққа сенемін</i>	<i>27</i>

202

Бекмағанбетова М.,
КЕҢГІР САМАЛЫ: Жыр кітабы.

ISBN 9965-468-25-7

Редакторы Азамат ҒАЛЫМ
Суретшісі Әбдіқадыр БІЛӘЛУЛЫ
Корректоры Шәмсия ҚОСАНОВА
Техникалық редакторы Юрий ВЕРОВЕНКО.

Теруге 16.03.2000 ж. берілді. Басуға 02.04.2000 ж. қол қойылды.
Қалыбы 84x108 1/32. Қарні — "Гельветика". Қағазы финдік. Офсеттік
басылыс. Көлемі 4 б.т. Таралымы 1000. Тапсырыс N42-1.

"ҚАЗАқпарат" баспа корпорациясының баспаханасы.



1950 жылы Үмтгау зудаы*гҮ Апфлу белмшвачдв Ду>*<еге кепген. Орта мектегт сап ауцїлда оқы. қет*<еи Жезцнг * мвдим>*и учнїицеси бпргем. Узах, тылдар б а ы млдемиег сайкымда еңбе* еткеледі. 1976-1997 мышары Сатбаеї »идеии марту коп/қдмнде устлздық қызмет атқарды Жезқазтан педагогк ілсгигугын сь*>гтай оқыї білрген. Қацз Сәгоаев цагжындагы Кечипер 'кмартында жумь< жасаиды.

Өлеңдер қапапық, облыстыц газепердв жарчяланган. "Кеңгїр самалы" - «вгордың гуцғыш МЧНГБҮ.

